

ӘОЖ 801.3; МҒТАР 16.21.65

<https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.08>**Қ.Қ. ЖАМБУЛОВА**

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Петропавл қ.), e-mail: kusni-82@mail.ru*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТЕРІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН НЕГІЗГІ ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа. Шартты белгілер – сөздің табиғатын айқындайтын басты тілдік компоненттердің бірі. Шартты белгі қолданылмайтын сөздік болмайтындығы баршамызға мәлім. Сөздік жасау тәжірибесінде шартты белгілердің қолданылуы лексикографиядағы үлкен жетістік болғаны анық. Лексикографияда *шартты белгінің* (условный знак, conditional note) қызметі зор. Сөздіктердің бәрінде де белгілі бір дәрежеде семантикалық, стильдік, функционалдық, т.б. шартты белгілер кездесіп отырады. Жалпы шартты белгілердің құрамына таңба, сөзбелгі, стильдік белгі, сілтеме терминдері кіреді. Қазіргі таңда әр тілдердегі түрлі типті сөздіктердің қай түрін болмасын шартты белгілерсіз көзге елестете алмаймыз. Мысалы, қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздігінде де шартты белгілер молынан қолданылады. Атау сөздердің сыр-сипатын ашуда, олардың мағыналарын толықтыруда шартты белгілердің түсіндірме сөздіктегі атқаратын рөлі орасан зор.

Зерттеу барысында қазақ, орыс ғалымдары мен ағылшын ғалымдарының шартты белгілерге берген анықтамалары мен жіктеліміне тоқталып, шартты белгілердің түрлері, атап айтар болсақ, сөзбелгі, стильдік белгі, таңба, сілтеме қарастырылды. Қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздігінде шартты белгілердің әр түрінің берілісіне мысалдар келтіріле отыра, талдау жасалып, өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындалды.

Кілт сөздер: лексикография, шартты белгі, таңба, сөзбелгі, стильдік белгі, сілтеме, түсіндірме сөздік.

K.K. Zhambulova

*Senior Lecturer of M. Kozybayev North Kazakhstan University
(Kazakhstan, Petropavlovsk), e-mail: kusni-82@mail.ru*

Comparative Characteristics of the Main Symbols Indicated in the Explanatory Dictionaries of the Kazakh and Turkish Languages

Abstract. Conditional notes are one of the main language components that determine the nature of the word. We all know that there is no dictionary that does not use a conditional note. Obviously, the use of *conditional notes* (шартты белгі, условный знак) in the practice of lexicography was a great achievement of lexicography. In lexicography, the function of a

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Жамбулова Қ.Қ. Қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде көрсетілген негізгі шартты белгілердің салыстырмалы сипаттамасы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 97–107. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.08>

***Cite us correctly:**

Jambulova Q.Q. Qazaq jane turik tilderinin tusindirme sozdikterinde korsetilgen negizgi shartty belgilerdin salystymaly sipattamasy [On the Use of Conditional Notes in Explanatory Dictionaries of Kazakh and Turkish Languages] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 97–107. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.08>

conditional note is great. All dictionaries have a certain degree of semantic, stylistic, functional, etc. symbols are encountered. Common conventions include the terms symbol, label, conditional note and reference. Today we cannot represent different types of dictionaries in different languages without conditional notes. For example, in the explanatory dictionary of the Kazakh and Turkish languages, conditional notes are often used. Conditional notes play an important role in revealing the meaning of headwords, in supplementing their meanings.

The study focuses on the definitions and classification of conditional notes by Kazakh, Russian and English scientists, and also considers the types of symbols, in particular, dictionary, stylistic symbols, symbols, links. The explanatory dictionary of the Kazakh and Turkish languages analyzes and reveals features and similarities, giving examples of different types of symbols.

Keywords: lexicography, conditional note, litter, stylistic symbol, reference, explanatory dictionary.

К.К. Жамбулова

*старший преподаватель Северо-Казахстанского университета имени М. Козыбаева
(Казахстан, г. Петропавловск), e-mail: kusni-82@mail.ru*

Сравнительная характеристика основных условных знаков, отраженных в толковых словарях казахского и турецкого языков

Аннотация. Условные знаки являются одним из основных языковых компонентов, определяющих характер слова. Все мы знаем, что не существует словаря, в котором не используется условный знак. Очевидно, что использование условных знаков в практике лексикографии было большим достижением лексикографии. В лексикографии функция *условного знака* (шартты белгі, conditionalnote) велика. Все словари имеют определенную степень смысловой, стилистической, функциональной и т.д. встречаются символы. Общие условные знаки включают термины символ, помета, стилистический символ и ссылка. Сегодня мы не можем представить разные типы словарей на разных языках без условных знаков. Например, в толковом словаре казахского и турецкого языков часто используются условные знаки. Условные знаки играют важную роль в раскрытии значения заглавных слов, в дополнении их значений.

В исследовании основное внимание уделяется определениям и классификации условных знаков казахскими, российскими и английскими учеными, а также рассматриваются виды символов, в частности, словарные, стилистические символы, помета, ссылки. Толковый словарь казахского и турецкого языков анализирует и выявляет особенности и сходства, приводя примеры разных видов символов.

Ключевые слова: лексикография, условный знак, помета, стилистический символ, ссылка, толковый словарь.

Кіріспе

Шартты белгілердің құрамына *сөзбелгі, стильдік белгі, таңба, сілтеме* терминдері кіреді. Сөздікте түрлі символдық таңбалар, ерекше түрде жазылған қаріптер, ерекшеленген жазу түрлері және т.б. түрлі метатілдік әдіс-тәсілдер қолданылады. Әрине, мұндай техникалық мүмкіндіктердің лексикография тәжірибесінде әуел баста болмағандығы белгілі. Мысалы, Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта жарық көрген қазақ сөздіктерінде мұндай қосалқы тәсілдер ретінде тыныс белгілері пайдаланылса, сөзбелгілер өте сирек қолданылды. Ертедегі лексикографиялық еңбектерде олардың мүлде болмағандығы айтылып жүр. Ғалым Л.П. Ступин бұл жайында біраз деректер келтіреді. Ғалымның жазуы бойынша, ортағасырлық ағылшын лексикографы Джон Буллокар өзінің 1616 жылғы «An English

Expositor» атты сөздігінде көне сөздерді белгілеуге алғаш рет жұлдызша белгісін пайдаланады. Ал сөздікші Эдвард Филипс 1658 жылғы өз сөздігіндегі «нашар» сөздерге + белгісін қояды. «Қазіргі сөздіктерде түрлі таңба (знак, symbol), белгілер молынан қолданылады. Мысалы, сөздің транскрипциясын басқа қаріп (литера), шрифт түрлерімен квадрат жақшада [] беру, дыбыстың сапасын білдіретін алуан түрлі таңбалар, сөз мағыналарының ара қашықтығын көрсету үшін қолданылатын рим және араб цифрлары, мағыналық реңкті беретін / және // фразеологизмді білдіретін ромб және т.б. таңбалар сөздікте қарастырылатын бірліктердің жан-жақты сипатталуына қызмет етеді.

Сөздікте пайдаланылатын сөзбелгілерді, сондай-ақ түрлі таңбалар мен символдар құрамын әлемдік лексикография тәжірибесінде қолданылып жүрген символ, таңба, сөзбелгілермен салғастыра, салыстыра отырып зерттеудің қажеттігі анық жайт. Лексикографияда қолданылатын шартты белгілерді зерттеуші ғалымдар, мысалы, Ахманова О.С., Ступин Л.П. және т.б. олардың сөздік бірліктің қосалқы семантикалық-функционалдық сипатын ашуға қызмет ететін «қосалқы семантикалық-функционалдық белгілер» болып табылатындығын жазған. Ғалым А.Е. Карпович: «Лексика-стистикалық және грамматикалық-функционалдық белгісөздер де сөздің мағынасын ашатын элементтер қатарына қосылады» дейді [1, 19-б.].

Ал қазақ лексикографиясын зерттеуші ғалым М. Малбақов жалпы термин ретінде өткен ғасырдағы қазақ лексикографиясында кеңінен қолданылатын *шартты белгі* терминін қолдануды жөн көреді. Себебі оның құрамына сөзбелгілер де, алуан түрлі сандар мен арнаулы таңбалар түріндегі шартты белгі, таңбалар да кіреді. Осы екеуінің жинақты ұғымын белгілеуге қолданған дұрыс деп есептейді [2, 63-б.]. Сөзбелгілер мен шартты белгі, таңбалардың сөздік түзудегі атқарар қызметіне толық талдау жасау – қазіргі кезеңдегі лексикографиядағы өзекті мәселелердің бірі. Мақаланың мақсаты – қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде қолданылған шартты белгілердің таңбалық-мағыналық салыстырмалы сипаттамасын беру.

Зерттеу әдістері

Зерттеуде негізінен дәстүрлі сипаттама, жинақтау, салыстырмалы әдістерге басымдылық беріледі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» 2 томдық (1-том, 1959), «Қазақ тілінің сөздігі» (1999), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2008), «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» 15 томдық (2011, 3-том, 4-том, 7-том, 8-том.), «Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі» (2013), «Türkçe sözlük» (1998. I, IIşık), «Misalli Büyük Türkçe Sözlük» (2010), «Türkçe Sözlük» (2011, 2012) атты туыстас тілдердің түсіндірме сөздіктерінен мысалдар алынып, оларға талдау жасалды.

Талдау мен нәтижелер

Қазақ лексикографиясы мен түрік лексикографиясында шартты белгілер молынан қолданылады. Шартты белгілердің негізгі бір түрі – *сөзбелгіге* тоқталар болсақ, сөзбелгі – біршама қысқаша көлемде сөздік тұлға туралы пайдалы ақпараттың едәуір көлемін ұсынуға мүмкіндік беретін лексикографиядағы көмекші құралдардың бірі. Әрбір сөздікте шартты қысқартудың өзіндік формасы бар сөзбелгі жүйесі қолданылады.

Кеңес үкіметі дәуіріндегі тіл білімінде сөзбелгіге берілген анықтама мынадай: «Сөзбелгі (помета) деп басым бөлігі қысқартылған немесе шартты (символдық) жазбаға келтірілген және не аударылатын сөздің немесе сөз тіркесінің, не оның аударылатын баламасының қандай да параметрлерін сипаттайтын, не сөздің аударылған және аударылатын бірліктері арасындағы қатынастарды сипаттайтын сөзді (сөз тіркесін) атайды» [3, 7-б.].

Ресейлік тілші О.С. Ахманова «Лингвистикалық терминдер сөздігі» еңбегінде: «Қысқартым белгілерінің белгілі бір орныққан жүйесін пайдалану, сөздер туралы әртүрлі

деректер келтіру жолымен басылымның көлеміне айтарлықтай әсер етпей-ақ ақпардың көлемін кеңейтуге қызмет жасайтын лексикографиялық тәсіл» деп анықтама береді [4, 276-б.].

Сөздіктегі сөзбелгілердің атқаратын қызметі жайлы айтар болсақ, лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте: «Сөзбелгілер сөздердің стилистикалық деңгейін нақтылай түседі (*қарап.*, *ауызекі*, *поэт.*, *кітаб.*), сөздің экспрессивті бояуын (*вулг.*, *күлк.*), қолданылу жиілігін (*сирек*), функционалдық-кәсіби қолданым аясын нұсқайды, сөздің семантикалық сипатын (*ауыс.*), қазіргі тілге қатысын (*көне*, *жаңа*), т.б. жақтарын көрсетеді» деген сипаттама беріледі [5, 463-б.].

Лексикограф В.В. Морковкин сөзбелгілерді мынадай түрлерге бөледі: *грамматикалық* (өткен ш.), *лексикалық* (адам туралы, адамға қатысты, көлік туралы), *семантикалық* (ауысп.), *стилистикалық* (соның ішінде функционалды стильдік, эмоциялы-экспрессивтік және хронологиялық (сөйл., жоғары, ресми, арн., хим., эзіл., ирон., еск., тар., неол.), статистикалық (сирек, әдетте, аз қолд. т.б.) *тыйым салушы*: (қолданымы шектеулі), тек (жекеше) т.б. [6, 45-б.].

М. Малбақов сөздік тұлғаларға қойылатын этимологиялық, грамматикалық, стильдік, т.б. белгілерді *белгісөз* деп атауды жөн көреді. *Сөзбелгілер* туралы пікірлерді қорыта келіп, келесідей төрт түрге топтап, қарастырған: *семантикалық сөзбелгі*, *терминологиялық сөзбелгі*, *грамматикалық сөзбелгі*, *бағамдық (стильдік) сөзбелгі* [2, 68-б.].

Семантикалық сөзбелгі негізінен сөздік тұлға білдіретін мағыналардағы ерекшеліктерді айқара ашып көрсетуде қолданылатындықтан түсіндірме сөздіктердің макроқұрылымының элементі болып саналады. Тіптен кірме сөздердің өзі келіп енген тілінің заңдылықтарына сай тұлғалық және мағыналық тұрғыдан меңгерілуі барысында бастапқы мағынасының шегін тарылтуы немесе кеңейтіп, бірнеше мағынада жұмсалуды мүмкін. Түсіндірме сөздіктерде кірме сөзге толыққанды мағыналық сипаттама берілуі де орын алады. Бұл қабылдаушы тілдің кірме сөзді толықтай игермегенін танытады. Қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде кірме сөздерге олардың қай тілден енгендігін көрсететін этимологиялық сипаттағы сөзбелгі түрі (*ир.*, *ар.*, *монғ.*, *ор.*, *ағ.*, *т.б.*) қолданылады. Мысалы:

АЛЛА [ар.الله] зат. діни. *Барша жанды-жансыз дүниенің, галамның иесі, ешкімнен туылмаған, ешкімді тумаған, құдіретті күш, 18 мың галамды, қиямет-қайымды, осы дүние мен о дүниені, күллі әлемді жаратушы, Құдай адамның табынатын раббысы...* [7, 73-б.].

Allah *öz. a. Ar. 1. Tanrı. 2. mec.* Allah sözcüğü kimi ad tamlamalarında tamlanan sözcüğü güçlendirir: *Allahın tembeli. Allahın kırkı. Allahın ayazında ...* [8, 68-б.].

ВОЛЕЙБОЛ [ағылш. volleyball] зат.спорт. *Қолдон* (*донты қарсыластар жағына керме тордан асыра ұрып, жерге түсіру үшін бәсекелесетін командалық спорт ойыны*) [7, 311-б.].

voleybol, -lu is. (*vole'ybol*) *İng. volleyball sp.* Altışar kişilik iki takım arasında, bir alan otarasında gerilmiş olan ağ üzerinden bir topun karşılıklı olarak elle oynanması oyunu [9, 2351-б.].

ВАГОН [франц. wagon] зат. көлік. *Жолаушыларды немесе әртүрлі жүктерді тасу үшін рельсті жолмен қозғалатын доңғалақты көліктің құрамдас бөлігі.* Жолаушылар таситын *вагондардың* барлығы және жүк таситын *вагондардың* біразы автоматты тежеуішпен қатар қолтежеуішімен де жабдықталған (ҚҰЭ). ... *Вагонның* доңғалақтары, *Әніне* басты жаттанды. *Жат* елдің жанған оттары, *Қалжырап* артта қап қалды (М. Мақатаев, Шығ.) [10, 202-б.].

Vagon is. *Fr. vagon<İng.* Yük ve yolcu taşımakta kullanılan, lokomotifin çektiği demir yolu arabası: «*O, biraz sonra bineceği vagonun önünde duruyor ve ... el sıkışarak veda ediyordu.*» - *Y.K. Karaosmanoğlu* [9, 2326-б.].

Илхан Айверді өзінің еңбегінде: «Сөздіктегі барлық сөздерге этимологиясы берілді, бұл орайда этимологиясы табылмаған немесе күдікті сөздер үшін ескертулер жасалды. Алайда бұл этимологиялық сөздік емес» деп жазған [11, 6-б.].

Атау сөздің терминдік мәнде жұмсалатынын көрсететін терминологиялық сөзбелгілер, әдетте, сөздіктің макроқұрылымының құрамында қарастырылады. Дегенмен ғылым салаларын белгілейтін терминологиялық сөзбелгілерді В.В. Дубичинский функционалдық-стильдік қатарға қосып, ішкіқұрылымның элементі ретінде қарастыруды жөн көреді [12, 158-б.]. Біздің ойымызша, бұл өте орынды, себебі олар қандай да бір лексеманың ғылыми стильге, яғни тілдің функционалдық стильдерінің біріне жататынын көрсетеді. Туыстас тілдердің түсіндірме сөздіктерінде белгілі бір ғылым саласына қатысты терминдердің мағынасын түсіндіруде азды-көпті айырмашылық байқалады. Егер қазақ тілінде терминнің толық ғылыми анықтамасы беріліп отыратын болса, түрік тілінде қысқаша түсініктемесі беріліп отырады. «Тіл, әдебиет, тарих, өнер, т.б. ғылым терминдерінің жаңадан ұсынылған кең таралған терминдері енгізілді. Алайда бұл терминдер күнделікті өмірде қолданылмағандықтан, түсіндірмелері келтірілді» [11, 10-б.].

Мысалы:

ВИТАМИН [лат. *vita*] зат. **1.** мед. *Дәрумен (азғаның бірқалыпты тіршілігі үшін аса қажет органикалық зат)*. Бірсыпыра ағаштар мен бұта тұқымдарының жемістерінде көптеген *витаминдер* болады және дәрі жасау үшін пайдаланылады (М. Ерлеспесов, Суарм. егіншілік)... **2.** фарм. *Дәрумендерден тұратын дәрі-дәрмек*. Қазақстанда әлі толық пайдаланылмай жүрген эфир, май, тері илеуге керекті заттар, сабын, *витаминдер*, дәрі-дәрмектер, алколоид, т.б. алуға болатын көптеген пайдалы өсімдіктердің ұшы-қиыры жоқ тоғайлары бар (Қ. Сәтбаев, Қазақстан)... [10, 233-б.].

vitamin *a. Lat. dirb.* Hayvansal metabolizma için gerekli olan ve organizmaya besin ya da ilaç olarak dışarıdan sağlanan biyokatalizör madde [8, 1808-б.].

МОЛЕКУЛА [лат. *moles*] зат. физ. *Заттың химиялық қасиеттері сақталатын ең кішкентай бөлшегі.*

Молекула конфигурациясы. хим. *Циклдік немесе хиральдық элементтің қос байланысқа орай алғандағы орын басушыларының кеңістік орналасуы.* **Молекулалардың көлемдік саны.** хим. *Молекула концентрациясы.* **Молекулалар концентрациясы.** хим. *Компоненттің молекулалар саны арқылы өрнектелген концентрация* [7, 937-б.].

molekül *is. Fr. moléculekim.* **1.** Element veya birleşikleri oluşturan ve onların özgül niteliklerini gösteren en küçük birim, madde. **2.** (*fiziksel kimyada*) Bir veya birkaç atomun birleşmesinden oluşan, birkaç çekirdek veya elektronlu yapı. **3. тес.** Bir bütünün en küçük parçası [9, 1573-б.].

Сөздікте берілген сөздің семантикалық-функционалдық сипаттамасы толық болу үшін оның стильдік және хронологиялық белгілері, эмоционалдық-экспрессивтік ерекшеліктері, қолданылу аясы жайында түсінік берілуі керек. «Сөздің стильдік бояуы лексикалық мағына элементтерінің бірі болғандықтан, мұндай белгілер сөздің семантикалық сипаттамасын толықтыруға қызмет етеді» дейді М. Малбақов [2, 64-б.].

Туыстас тілдердің, яғни, қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде сөздің әртүрлі стильдік бояуын көрсету үшін бірнеше белгі қойылады. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде *алғыс, әзіл, бата, бейпіл сөз, дөрекі, тұрпайы сөз, келемеж (ирон.), кекесін, құрметтеу, мысқыл, сүйсіну, қарғыс, менсінбеу, еркелету, жақтырмау, жағымсыз, реніш, тілек* деген субъективті көзқарасты білдіретін сөздер арнайы сөзбелгілермен ажыратылады. Мәселен, 2011 ж., 2013 ж., бір томдық пен он томдық сөздіктерде алғыс сөз – алғ., бата – бата., жағымсыз – жағымсыз., жақтырмау – жақтырмау., кекесін – кекесін., келемеж – келемеж., қарғыс – *қарғ.*, менсінбеу – менсінбеу., мысқыл – мысқыл., реніш. – реніш, сүйсіну. – сүйсіну, тілек – тілек., сыпайы сөз – *сып.*, эмоциялық сөз – эмоц., экспрессивті – экспр., анайы сөз – *ан.* немесе **анайы** (қалың қаріппен), дөрекі, тұрпайы сөз – *дөр.* деп белгіленген. Әлеуметтік қолданысы шектеулі бейәдеби қарапайым элементтер *қарап.* белгісі арқылы беріледі. Мысалы:

АҒАЖАН зат. *экспр.* Туған ағасына немесе жасы сол тұстас жақсы көретін адамына құрметтеу мәнінде айтылатын қаратпа атауыш [7, 25-б.].

АЛТЫНЫМ эмоц. Ең сүйікті, қадірлі, құрметті, қимас адам дегенді білдіретін атауыш сөз [7, 77-б.].

АҢҚЫЛДАҚ сын. **1.** Арамдығы жоқ, ақкөңіл. **2. жағымсыз.** Дарақы, сөздің мәнісіне бара бермейтін. **3.** Даусы қатты шығатын. **4.** Қонақжай, молқолды [7, 90-б.].

АТАУ-КЕРЕ зат. **1.** діни. Адамның өлер алдындағы ең соңғы асы. **2.** ауыс. сөйл. Тамақ, ас. **Атау-керенді ішкір [жегір]. қарғ.** өлім халіне ұшырағыр [7, 119-б.].

ПАЙДАСЫМАҚ зат. мысқыл. *Пайдаға ұқсас, болмашы пайда* [7, 1046-б.]

НЕТКЕН қаран. *Негылған, өзгеше, қандай* [13, 617-б.]

Түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде де сөздің әртүрлі стильдік бояуын көрсету үшін арнайы сөзбелгілер қолданылады. Мәселен, кекесін мәнді дегенді білдіретін *alay yolucөзіне* – *alay*, тұрпайы мәнді дегенді білдіретін *hakaret yollu* сөзіне – *hkr.*, дөрекі сөз дегенді білдіретін *kaba konuşmada* – *kaba*, әзіл-қалжың мәнді дегенді білдіретін *şaka yolu* сөзіне – *şaka* сөзбелгілері қойылады. Мысалы:

acıklar livası *a. alay* İşі gücü olmayan, boşta kalan kimse. **Acıklar livası olmak** *alay* işsiz ve kazançsız kalmak [14, 18-б.].

eşekbaşı *is. Kaba* Yetkisi önemsenmeyen, gücünü gerektiği gibi göstermeyen kimse: «*Sen necisin? Eşekbaşı mısın bu sınıfta?*» - R. İlgaz [15, 734-б.].

bokluk *a. kaba* **1.** Pislik. **2. mec.** Kötü durum: *Bu işin sonunda bir bokluk çıkacak. O adamın bokluğu var* [8, 251-б.].

düldül *a. 1. esk. Hz. Ali'ye* Peygamber tarafından armağan edilen katırın adı. **2. (şaka)** Kötü at. **3. (şaka)** Eski otomobil [15, 494-б.].

kavat *is. Ar. kavvād* **hkr.** Yolsuz, yasa dışı veya gizli, cinsi birleşmelerde aracılık eden erkek, pezevenk [9, 124-б.].

Қазіргі кездегі сөздіктерде түрлі **таңба** (знак, symbol), белгілер молынан қолданылады. Мысалға алатын болсақ, сөздің транскрипциясын шрифт түрлерімен квадрат жақшада беру ([]), дыбыстың сапасына берілетін (: * ^ _ ‘ ‘) т.б. алуан түрлі таңбалар, фразеологизмді білдіретін ромб (◇) пен мағыналық реңкті беретін сызықшалар (| және ||), сөз мағыналарының ара қашықтығын көрсету үшін қолданылатын араб және рим цифрлары және т.б. атап өтуге болады. Сөздің білдіретін нақты мағыналарын емес, сөздікте қарастырылатын бірліктердің жан-жақты сипатталуына қызмет ететін шартты белгілердің түрі – *таңбаларды* сөздіктің ішкі құрылымының элементі деп есептуге болады.

Туыстас тілдердің, яғни қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде синтаксистік байлаулы мағынадағы тұрақты тіркестерді, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді көрсетудің қалыптасқан шартты таңбалары қолданылады. Атау тұлғаның мағыналық өзгерістерін жете көрсету үшін түсіндірме сөздіктерде топтастырылып берілетін тұрақты сөз тіркестеріне қатысты ғалым М. Малбақов былай дейді: «Фразеологизмдерді сөздік мақаланың соңында бір жерде топтап беру – өткен ғасырдағы одақтық лексикографияда оларды түсіндірме сөздіктерде берудің негізгі жолы болған еді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де осы тәсіл таңдалған болатын. Қазіргі түсіндірме сөздіктерде оларды атау сөздердің жеке мағыналарында беру тәжірибесі де ұшырасады. Түсіндірме сөздіктердің мақсат-мүдделеріне байланысты екі тәсілді де айырым қолдануға болады деп ойлаймыз» [2, 157-б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде фразеологиялық тіркестердің барлық түрі (фразеологиялық тұтастықтар, фразеологиялық бірліктер және фразеологиялық тізбектер) алынады. Сөздік мақаланың ұяшығына енген тұрақты тіркесті өзінен бұрын тұрған сөз мағыналарынан ажырату үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде ақ немесе қара түсті ромбиктер (◆, ◇) қолданылатын болса, түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде, атап айтқанда

«Мысалдармен үлкен түрік сөздігінде» «Misallı büyük türkçe sözlük, 2010» жұлдызша таңбасы (★) алынады. Мысалы:

АДАМ зат. 1. Ойлау және сөйлеу қабілеті бар, құрал-сайман өндіре алатын және ол құралдарды қоғамдық еңбек процесінде пайдалана алатын тірі жан, кісі. *Адам ойға тоймас, бәрі қойға тоймас* (мақал). *Ар мен ұятқа терістіктен сілкініп бойын жиып ала алмаған кісі адам ба өзі?!* (Абай). 2. Саналы адам, азамат, көпке пайда тигізетін адам. *Атаңның баласы болма, адамның баласы бол* (мақал)... ♦ Адам айтқысыз – шексіз мол, ұшы-қиыры жоқ. *Бейбітшілік күші адам айтқысыз мөлшерде өсіп бара жатыр* (С.Қ.). ♦ Адам болу – ер жету, жұрт қатарына қосылу. *Адам бол, мал тап* (Абай) [16, 11-б.]

АДАМ 1. Ойлау, сөйлеу қабілеті бар, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білетін, саналы қоғам мүшесі. 2. Көпшілік қауым, жұрт, халық. ♦ **Адам айтқысыз** – керемет, газжап, айтып болмайтын. **Адам алатын бұра** – кісіге шабатын бұра. **Адам баспас жер** – көзі көріп, құлақ естімес қашық жер. **Адам болмайды** – ауру дендеп, өлім халіне жеткен... [13, 17-б.]

İNSAN الإنسان *i.* (Ar. uns. “ünsiyet etmek, alışmak”tan insān) 1. İki ayaklı, iki elli, akli ve konuşma yeteneği olan memeli canlı: 2. Bu türden olan canlı, birey, fert: *Yanımda başka insan* (Peyâmi Safâ). 3. *i. ve sıf.* Ahlâkı ve huyu üstün nitelikli, insâniyetli, değerli, ahlâklı kimse. 4. Herhangi bir kişiye ifâde etmek için zamir gibi kullanılır: *İnsanın aklından ne deli hülyâlar geçiyor* (Nâmık Kemal). 5. **tasavvuf.** Yaratılmışlar arasından en güzel sûrette ve en son yaratılan, Allah’ın sıfat ve isimlerine mazhar olan6 kendi yaratıcısını bilen veya inkâr edebilen, yaptıklarından sorumlu canlı: ... *Yaratan fiiliyle, kavlyile, gizli ve âşikâr tasarrufuyle insandan zuhur etmiştir* (Sâmiha Ayverdi).

★**İnsan adam:** İnsan olanın iyi niteliklerine sâhip olan6 insâniyetli kimse. **İnsan azmanı:** Aşırı derecede iri kimse, adam azmanı. **İnsan eti yemek:** *mec.* Dedikodu yapmak, aleyhte konuşmak. **İnsan gibi:** Beğenilen ve istenilen biçimde, insana yakışır şekilde, efendice, adam gibi... [11, 565-б.]

АНА 1. Балалы болған әйел, туған шеше. 2. **Ауысп.** Тәрбиелеп өсірген орта, ел-жұрт. 3. **Ауысп.** Шыққан ұя, тұрақты мекен. □ Ана тілі – әр адамның өз ұлтының тілі. ♦ **Анадан [жаңа] туғандай** – тыр жалаңаш. *Ана көкірек мейіріманды, бауырмал. Ана сүті аузынан кетпеген* – уылжыған жас, сәби. **Ана сүтін ақтады** – әке-шешенің ойлаған жерінен шықты [13, 46-б.]

ANNE a. 1. Çocuğu olan kadın, ana, valide. 2. *mec.* İnsanın kendine en yakın gördüğü varlık. §~ **olmak** (kadın) çocuk sahibi olmak: *Evlendikten iki yıl sonrs anne oldu.* ~**ler günü** annelerin değişik yollarla gönlünün alındığı mayıs ayının ikinci pazarı [8, 91-б.]. Мысалдарда орын алған § белгісі бас сөз мағынасының фразеологиялық байлаулы мағынаға ауысуын меңзейді.

ANALI *sıf.* Annesi hayatta olan.

★**Analı babalı:** Öksüz ve yetim olmayan, anası babası sağ: «*Allah analu babalı büyütsün.*» **Analı kuzu, kınalıkuzu:** Annesi hayatta olan tâlihli çocuk [11, 54-б.]

Қара түсті ромбик (♦) түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде одан кейінгі сөз, түсініктеме, аббревиатура және т.б. бірдей ерекшелікке ие екендігін, сонымен қатар етістіктерді көрсеткенде де қолданылады. Мысалы:

ULULANMAK edilgen f. (<ulula-n-mak) 1. Kendisine saygı gösterilmek, hürmet ve İtibar edilmek: Konuk müstahikk-ı ta'zim olup konduğu yerde riayet olunup ululandığından ötürü mihman derler (Dekâyikü'l-Hakayık - T.S.). ♦ dönüşlü f. (<ulu+lan-mak) 2. Büyüklük taslamak, kendini büyük görmek: Ululanmak bir Mevla'ya yaraşır (Pir Sultan Abdal). Ey hace fena ehline zinhar ulu/anma / Dervîşi bu mülkün şeh-i bî-hayl ü haşemdir (Rûhî-i Bağdâdî) [11, 1283-б.]

DUVAKLANMAK edilgen f. (<duvakla-n-mak) 1. Duvağı takılmak, başına duvak konmak. ♦ dönüşlü f. (<duvak-lan-mak) 2. Başına duvak takmak, gelin olmak [17, 310-б.]

Туыстас тілдердің түсіндірме сөздіктерінде жиі қолданылатын таңбалар ретінде () түріндегі оймажақша немесе айжақша, сондай-ақ [] түріндегі тік жақшаларды көрсетуге болады. Мысалы, өзге тілден енген кірме сөз үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде [] тік жақша, ал түрік тілдерінің сөздіктерінде () түріндегі оймажақша немесе айжақша аталатын таңбалар алынады. Мысалы:

БИЗОН [лат. Bison bison] зат. биол. *Жұптыаяқтылар отряды қуыс мүйізділер тұқымдасының зубр туысына жататын жабайы сиыр. Бизон – өте ірі жануар (ҚСЭ) [17, 345-б.].*

BIZON i. (Fr. bison < Lat.) Kafası geniş ve kısa, boynuzlan ufak ve kıvrık, postu kalın, hörgüçlü, alnı tümsekli, bugün sadece hayvanat bahçelerinde yaşayacak kadar nesli tükenmeye yüz tutan bir sığır cinsi [11, 157-б.].

() айжақша қазақ сөздігінде қосымша түсіндірмені де таңбалайды:

БЕЛОК ор. зат. биол. **Ақуыз** (*Өсімдіктер клеткалары мен жануарлар ағзасының ең негізгі бөлігін құрайтын күрделі органикалық азотты қоспа*).

Белок синтезі. биол. <лат. translatio> *Тірі ағза жасушасындағы цитоплазма нуклеин қышқылдарынан ақуыздың синтезделу процесі* [7, 224-б.].

АҚТАЯУ зат. кәс. Ақтаяқ³ (балықты аудан сүзіп алатын құрал) [7, 53-б.].

Қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде қолданылған ... (*үш нүкте*) цитата ішіндегі қысқартылған жерді белгілейді:

ИЕЛЕНТ= ет. *Иемденту, ие еткізу*. Бұл азарды көргенше, Мал-мүлікті *иелентіп*, Қызды қоса бергенше... Шулайды солай сыртынан (Батырлар жыры) [18, 201-б.].

КИНОСЕАНС з а т. *Кино көрсетілетін мерзім, уақыт*. Бір жерде отырмай, түрегеп жүріп кино көру қиын болғандықтан, ... *кино-сеанстар* 20–25 минуттық қана болады (М.Құдайқұлов, Оқу киносы). Ол *киносеанстан* жатақханаға құлшынған жігермен келді (Е.Домбаев, Ғашықтық.) [19, 32-б.].

BUZ i. (Eski Türk. büz; kökü kesin olarak bilinmemektedir, büz-mak > buy-mak «donmak» fiilinden gelmiş olabilir) Soğuktan donarak katı duruma gelmiş su: «*Buz torbası.*» *Başmda Alp dağlarının ebedl buzları...* (Cenap Şahabeddin) [11, 174-б.].

MARS i. (Kökü bulunamamıştır) Tavlada oyuncuların birinin diğerine hiç pul toplama fırsatı vermeden oyunu bitirip iki sayı birden kazanması: *Yengernin iki mars, bir oyunla kazandığı partiden sonra ...* (Yusuf Z. Ortaç) [15, 773-б.].

Терминдік мағынадағы сөздің латын, араб, грек, т.б. тілдеріндегі ғылыми баламасы үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде <> екі жақты сынық жақша (ҚӘТС, 15 т., Қазақ сөздігі, 2013 ж.) алынатын болса, түріктің түсіндірме сөздіктерінде < > екі жақты сынық жақшаның < сыңары кірме сөздің қай тілге барып саятынын, не болмаса сөздердің түбірі мен жалғауларын көрсету үшін сөздің алдына қойылады. Мысалы:

ҚОҚИҚАЗ зат. зоол. <лат. phoenicopterus roseus> *Қырлы төсті құстар тармағына, қоқиқаздар тобына кіретін, мойны мен сирағы ұзын, имек тұмсықты, қауырсыны ашық қызғылт сұрғылт қоңыр болып келетін жыл құсы* [7, 803-б.].

МАМАНДЫҚ зат. терм. <лат. professio> **1.** *Жеке бір адамның арнайы жоғары не орта білім алуы негізінде белгілі бір кәсіпті игеріп, сол сала қызметінде шеберлігін қалыптастырған түрі.* **2.** *Қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы.* **3.** ауыс. *Шаруа, айналысатын іс, ермек* [7, 898-б.].

MAYIS i. (Yun. mâios < Lat. maius) [1 Mayıs'ta bayramı kutlanan Roma tanrıçası Maia'nın adından] Yılın nisan ve haziran ayları arasındaki 31 gün çeken beşinci ayı, ilkbahar aylarının üçüncüsü: *Mayısta penceremizden sabô-yı nôz u niyaz / Eserdi okşayarak nazenin gülistanz* (Hüseyin Siret). *Etrafi okşuyor mayısın taze rüzgarı / Karşımda köhne Üsküdar'm dost ışıkları* (Yahya Kemal) [11, 779-б.].

kapari is. (ka'pari) Yun. <Lat. bot. | Yemişinden turşu yapılan gebre otunun biradı [8, 1194-б.].

Түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде кей жағдайда сөздің даму барысындағы тұлғалық өзгерісті көрсету үшін сөздің бастапқы, ең алғашқы формасы мен соңғы формасы (күнделікті қолданыстағы формасы) арасына < > екі жақты сынық жақшаның > сыңары қойылады:

epizot *a. Yun.* > *Fr. tiy.* Ana olaya bağlı, onun daha iyi belirmesi için gerekli ikinci derecede olay, oluntu [8, 545-б.].

koton *a. ve öna. Ar.* > *Fr.* Pamuktan yapılmış olan (kumaş vb.) [11, 1081-б.].

Түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде кездесетін < > екі жақты сынық жақша немесе () оймақжақша негізінен сөздің сөзжасамдық тұрпатын айқын көрсету мақсатында қолданылады. Мұндай жақшаларға алынатын түбір сөз бен қосымша арасына қойылатын + белгісі қолданылады:

KÜÇÜMEN *sif.* (<*küçük+men*>) Benzerlerinden küçük daha küçük, küçükçe [11, 724-б.].

SARILI *sif.* (< *sarı+lı*) 1. Üzerinde sarı renk bulunan: «*Sanlı kırmızılı kumaşlar.*» 2. *sif. ve i.* Sarı giymiş (kimse): «*Sanlısım tammtyorum.*» [11, 1063-б.].

OTÇUL *sif. ve i.* (*ot+çul*) Otlarla beslenen (hayvan), otobur [11, 955-б.].

Екі тілдің де түсіндірме сөздіктерінде сөз тіркесі түрінде берілген мысалдарды ықшамдау мақсатында тіркес құрамындағы атау сөздің орнына тильда (~) белгісін пайдалану кездеседі. Мысалы:

АҚЫРЫНДАУ *Баяулау, жайырақ.* Машина ~ жүрді [20, 29-б.].

БАҒАЛЫ 1. *Бағасы қымбат, нарқы жоғары.* Терісі ~ аңдар. **2. Ауыс.** *Өте маңызды, құнды.* ~ қасиет [21, 74-б.].

kabir, -bri *a. Ar.* Sin, gömüt, mezar: «*Ve serin serviler altında kalan kabrinde / Her seher bir gük açar, her gece bir bülbül öter.*» -*Y.K. Beyath.* §~ **azabı çekmek** çok sıkılmak, üzulmek.~ *suali uzun ve biktirici soru, ahret suali* [8, 897-б.].

kuruş *a. İt.* > *Alm. esk.* Liranın yüzde biri değerinde Türk parası. §~~**kuruşu** bile hesap ederek. ~ **u** ~ **una** hesap tam çıkartılarak [8, 1116-б.].

Сөздіктегі бірліктердің бірқатарының мағынасын ашуда анықтаманың орнына *сілтеме* жасау тәсілі қолданылады. В.В. Морковкин сілтемеге келесідей анықтама береді: «сөздік элементтері арасында (әдетте *сөздік тұлғалар* арасында) белгілі бір байланыс орнатуға дәнекер болатын, толық немесе қысқарған түрде кездесетін сөз (сөз тіркесі)» [21, 18-б.].

Сілтемелер қазақ лексикографиясында көбінесе «**қара**», «**салыстыр**» тәрізді тұлғада, кейде тұтас сөйлем түрінде, кей кездерде бағытты көрсететін символ түрінде ұшырасатын болса, түрік тілі лексикографиясында сілтемелер *b., bk., krş.* сияқты тұлғада кездеседі, яғни **bk.** қысқартпасы **bakınız (қараңыз)** және (*krş.*) **karşılaştırınız (салыстырыңыз)** деген мағынаны білдіреді.

АЙБАРЛЫҚ *қ. Айбарлылық* [20, 19-б.].

ADED Bk. ADET [17, 11-б.].

keten helvası *is. bk.* keten helva [9, 1285-б.].

Қорытынды

Қорыта келгенде, бүгінгі тіл білімі ғылымында әр тілге қатысты сөздіктердің жасалуына айырықша мән берілуде. Өйткені сөздіктер арқылы белгілі бір дәрежеде тілді игеруге болады, соның ішінде олар сөздердің мән-мағынасын түсінуге өзіндік себебін тигізеді. Сөздікті жасаудың әдіснамасын, жалпы алғанда, теориясы мен практикасына қатысты мәселелерді лексикография қарастырады. Түрлі типті сөздіктердің жасалу барысында, яғни оның түзілуінде әр атауға қатысты сипаттамалар беріледі, олардың нақты тілдегі айырмашылықтарына қарай шартты белгілер қойылады, ондағы негізгі мақсат – атау сөздердің сыр-сипатын ашып, олардың мағыналарын толықтыру болып табылады.

Шартты белгілер сөздік мақаланы мағыналық жақтан толықтырып, таңбалық жақтан безендіретіндіктен сөздіктің макро- және микроқұрылымдарының құрамдас бөлігіне кіреді. Сөздік мақала құрамында атау сөз білдіретін және одан туындайтын сан алуан мағыналармен тығыз байланыста болып келетін семантикалық сөзбелгі сөздіктің макроқұрылымының элементі ретінде есептелетін болса, шартты белгілердің стильдік белгі, таңба, сілтеме тәрізді түрлері сөздік ұядағы сөз бірліктерінің шығу тегін, қолданыс аясын, стильдік ерекшелігін, мағыналық реңктерін және т.б. сипаттарын аша түсу үшін пайдаланылады.

Жұмыс барысында қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде *сөзбелгі, стильдік белгі, таңба, сілтемелердің* қолданылуына ерекше назар аударылып, талдау жасалды. Талдаудың нәтижесінде атау тұлға арқалайтын мағыналардың жалпы сипатын танытуда қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктері бір-бірімен жүйелі қатыстылықтағы шартты белгілерге жүгінеді деп айтуға болады. Қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінің шартты белгілер жүйесіндегі семантикалық сөзбелгілер, стильдік белгілер, сілтемелер байқағанымыздай негізінен бірдей, басты ерекшелік сөздік ұя арқалаған сан алуан тілдік ақпараттың таңбалар мен (тильда (~) белгісі, () түріндегі оймажақша немесе айжақша, сондай-ақ [] түріндегі тік жақшалар, <> екі жақты сынық жақша және т.б.) безендірілуінде көрініс береді деген қорытындыға келеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ступин Л.П. О добавочной семантико-функциональной характеристике слова в толковом словаре // Исследования по английской филологии. Сб. III. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1965. – с. 16-27.
2. Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
3. Берков В.П. Слово в двуязычном словаре. – Таллин: Валгус, 1977. – 140 с.
4. Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексикологии. – М.: Учпедгиз, 1957. – 296 с.
5. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 685 с.
6. Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии: Дисс. ... док. филол. наук. – М., 1990. – 280 с.
7. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі). – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
8. Türkçe Sözlük. 3 baskı. – Ankara: Dil Derneği, 2012. – 1944 s.
9. Parlatır İ. (ve başkaları). Türkçe sözlük. II. K-Z. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. – 2523 s.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 4. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
11. İlhan A. Misalli Büyük Türkçe Sözlük. – İstanbul: Kubbealtı, 2010. – 1411s.
12. Дубичинский В.В. Лексикография русского языка: учеб. пособие (для вузов). – М.: Наука, Флинта, 2009. – 428 с.
13. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
14. Akalın Ş. H. Türkçe Sözlük. 11.bsk. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2011. – 2523 s.
15. Parlatır İ. Türkçe sözlük. I. A-J. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. – 2244 s.
16. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. 1. – Алматы: Ғылым, 1959. – 695 б.
17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 3. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
18. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 7. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
19. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 8. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
20. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 773 б.
21. Морковкин В.В. Типология филологических словарей // Vocabulum et vocabularium. – 1994. – Вып. 1. – С. 13–23.

REFERENCES

1. Stupin L.P. O dobavochnoy semantiko-funkcionalnoy harakteristike slova v tolkovom slovare [Issledovaniia po angliyskoy filologii [On the additional semantic and functional characteristics of the word in the explanatory dictionary] // Studies in English Philology]. Sb. III. – L.: Izd-vo LGU, 1965. – 16-27 s. [in Russian]

2. Malbaqov M. Bir tildi tusindirme sozdiktin qurylymdyq negizderi [Structural bases of monolingual explanatory dictionaries]. – Almaty: Gylym, 2002. – 368 b. [in Kazakh]
3. Berkov V.P. Slovo v dvuiazыchnom slovare [A word in a bilingual dictionary]. – Tallin: Valgus, 1977. – 140 s. [in Russian]
4. Akhmanova O.S. Ocherki po obshhei i russkoi leksikologii [Essays on general and Russian lexicology]. – M.: Uchpedgiz, 1957. – 296 s. [in Russian]
5. Lingvisticheskiy enciklopedicheskiy slovar [Linguistic encyclopedic dictionary]. – M.: Sovetskaya entsiklopediia, 1990. – 685 s. [in Russian]
6. Morkovkin V.V. Osnovy teorii uchebnoy leksikografii: Diss. ... dok. filol. nauk. [Fundamentals of the theory of educational lexicography]. – M., 1990. – 280 s. [in Russian]
7. Qazaq sozdigi (Qazaq tilinin birtomdyq ulken tusindirme sozdigi) [Kazakh dictionary (one-volum large explanatory dictionary of the Kazakh language)]. – Almaty: Daur, 2013. – 1488 b. [in Kazakh]
8. Türkçe Sözlük [Turkish Dictionary]. 3 baskı. – Ankara: Dil Derneği, 2012. – 1944 s. [in Turkish]
9. Parlatur İ. (ve başkaları). Türkçe sözlük [Turkish dictionary]. II. K-Z. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. – 2523 s. [in Turkish]
10. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes]. T. 4. – Almaty, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
11. İlhan A. Misalli Büyük Türkçe Sözlük [Grand Turkish Dictionary with Example]. – İstanbul: Kubbealtı, 2010. – 1411s. [in Turkish]
12. Dubichinskiy V.V. Leksikografiia russkogo iazyka: ucheb. posobiye (dlia vuzov) [Lexicography of the Russian language: Textbook, allowance (for universities)]. – M.: Nauka, Flinta, 2009. – 428 s. [in Russian]
13. Januzaqov T. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 968 b. [in Kazakh]
14. Akalın Ş. H. Türkçe Sözlük [Turkish Dictionary]. 11.bsk. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2011. – 2523 s. [in Turkish]
15. Parlatur İ. Türkçe sözlük [Turkish Dictionary]. I. A-J. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. – 2244 s. [in Turkish]
16. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. T. 1. – Almaty: Gylym, 1959. – 695 b. [in Kazakh]
17. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes]. T.3. – Almaty: Daur, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
18. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes]. T. 7. – Almaty: Daur, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
19. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes]. T. 8. – Almaty: Daur, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
20. Qazaq tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Daik-Press, 1999. – 773 b. [in Kazakh]
21. Morkovkin V.V. Tipologiiia filologicheskikh slovarey [Typology of philological dictionaries] // Vocabulum et vocabularium. – 1994. – Vyp. 1. – S. 13–23. [in Russian]